



## Баспасөз хабарламасы

### **«Қазақстанның тау-кен өнеркәсібіндегі инвестициялық тартымдылығын арттыру» конференциясына саланың көшбасшылары, мемлекеттік органдардың және Астанадағы дипломатиялық өкілдіктері қатысты**

**Астана, Қазақстан – 25 ақпан 2024 г.**

22 ақпанда Астана қаласында «Қазақстандық Тау-кен Палатасы» ұйымдастырған «Қазақстанның тау-кен өнеркәсібіндегі инвестициялық тартымдылығын арттыру» конференциясы өтті.

Заңнаманың маңызды аспектілерін және пайдалы қазбаларды барлауға, өндіруге және қайта өңдеу технологияларына байланысты ұсынылған болашақ саясатты талқылау үшін іс-шараға саланың көшбасшылары, үкіметтер мен дипломатиялық өкілдіктердің өкілдері қатысты.

Президент Қ.К. Тоқаев Қазақстанның тау-кен өнеркәсібін дамытудың ұлттық өркендеу үшін маңыздылығын бірнеше рет атап өтті. 2018 жылы «ҚР жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы» Қазақстан Республикасының жаңа Кодексі күшіне енгізілгеннен кейін көптеген «Қазақстандық Тау-кен Палатасына» мүше компаниялар Қазақстанның тау-кен өнеркәсібіне инвестициялай бастады. Бұл Кодекс тау-кен және геологиялық барлау қызметін лицензиялауға және реттеуге анағұрлым көп айқындық пен тиімділікті қамтамасыз етеді және Қазақстанның пайдалы қазбаларды өндіру саласында әлемдік көшбасшы болу стратегиясының маңызды бөлігі болып табылады.

Конференция маңызды тау-кен компанияларының жаңа Жер қойнауы туралы кодекспен жұмыс істеу тәжірибесімен алмасуға, сондай-ақ жуырда Кодекске ұсынылған өзгертулерді талқылауға арналды. Конференцияның аясында пленарлық отырыс және екі панелдік сессия өтті. Жиында саланың, мемлекеттік органдар мен дипломатиялық өкілдіктердің жоғары қызметтегі өкілдері сөз сөйледі.

Қазақстан Республикасының Индустрия және құрылыс министрі Қ.Б. Шарлапаев мырза конференцияны ашып, саланың инвестициялық әлеуетін одан әрі арттыру үшін заңнама мен рәсімдерді жеңілдетудің маңыздылығын атап өтті. Сонымен қатар ол инвесторлар үшін жағдайларды жақсартуға бағытталған Жер қойнауы туралы кодекске болашақта енгізілетін түзетулер пакеті туралы құлақтандырды.

Министр: «Мүдделі тараптар мен тау-кен бизнесінің ұсыныстары ескерілген Жер қойнауы туралы кодекске енгізілетін түзетулер пакеті инвесторлар үшін жағдайды жақсартуға бағытталған 100-ден астам ерекшелікті қарастырады. Біз минералдық-шикізаттық кешенді Қазақстанның экономикалық өркендеуінің іргетасы деп санап, оны одан әрі дамытуға және нығайтуға ұмтыламыз» деп түсіндірді.

Сонымен қатар конференцияға АҚШ, Ұлыбритания және Канада елшілері қатысып, олар жаңа Кодексті әзірлеуді, зерттеуді, ынтымақтасу мен реформалауды қолдады. Олар Қазақстанның инвестицияларды тартудағы әлеуетін барынша көбейту бойынша өздерінің пікірлері мен ұсыныстарын айтып, тұрақты әрі ашық сот және салық режимінің келіп жатқан инвесторлар мен компанияларға сенімділікті қамтамасыз ету үшін қажет екенін растады.

Сонымен бірге, шетел инвестицияларын салық базасының ұлғаюына жәрдемдесетін экономикалық өсу қозғалтқышы ретінде қарастыру керек екені атап өтілді.

«Қазақстандық Тау-кен Палатасының» Байқаушы Кеңесінің мүшесі Тим Барри мырза әлемде мыс қорын барлаудың маңыздылығы мен оларды өндіру кезінде компаниялар кездесетін проблемаларды атап өтті. Жаңа коммерциялық кен орындарын ашып қана қоймай, оларды ашуға жәрдемдесетін мемлекеттік қолдау мен саясат арқылы қолайлы орта құру арқылы да Қазақстанның әлемдік мыс нарығында маңызды ойыншы болуға әлеуеті бар екенін баса айтты.

«Әлемде 40 ірі, бірақ өңделмеген кен орындары бар, олардың жалпы қоры шамамен 470 млн тонна деп бағаланады. Егер оларды өңдеуге байланысты проблемалар болмаса, олар әлемдік сұранысты қанағаттандыра алатын еді. Бізге мысты жеткізуді ұлғайту қажет, әрі Қазақстан бұл тұрғыдан нарықта өте маңызды ойыншы болып табылады. Мысал ретінде Шығыс Қазақстан облысындағы Ақтоғай ірі кен орны жылына 200 000 тоннадан астам мыс өндіреді. Бірақ мысқа деген әлемдік қажеттілікті қанағаттандыру үшін жақын арадағы он жылдықта және одан әрі бізге әр жылы өңделетін осындай бірнеше ірі шахта керек».

Панелдік отырыстар Қазақстанның жер қойнауын пайдалануға салынатын инвестицияларға ықпал ететін заңнамалық базаға, сондай-ақ инвестициялық шешімдерге ықпал ететін геологиялық және экологиялық аспектілерге арналды.

«Қазақстандық Тау-кен Палатасының» президенті Р.Н. Баймишев мырза конференцияда сөз сөйлеп, жаңа ғаламдық инвесторлардың келгенін атап өтті: «Бүгін бізде Rio Tinto, Fortescue, Teck және BHP секілді нарықтық капиталы миллиардтаған доллармен өлшенетін, Қазақстанға пайдалы қазбаларды барлауға инвестициялайтын бірнеше жетекші әлемдік тау-кен компаниялары бар». Сонымен қатар ол: «Палатаға мүше-компаниялар 25 мың шаршы километрден асатын ауданда геологиялық барлау жұмыстарын жүргізуде, инвестициялардың көлемі GIIN-ге жыл сайынғы мемлекеттік шығындардан асып түсті, әрі бұл сомалар тиісті салық және әлеуметтік төлемдермен бірге өсуін жалғастыруда. Сонымен қатар 2 аукционның қорытындысы бойынша қол қойылатын бонустар 7,8 млн АҚШ долларынан асты. Бүгін профильдік министрлік іс жүзінде инвесторлардың барлық мәселелерін «бір терезе» қағидасы бойынша шешуге қабілетті. Өйткені ӨҚМ салалық бөлімшелеріне және басқаларға байланысты ұзақ үзілістен кейін ол геологтарды, жер қойнауын пайдаланушыларды және өнеркәсіпті біріктірді. Яғни өңдеу өнеркәсібін заңнамалық деңгейде қолдау арқылы геологиялық барлауда инвестициялық ахуалды бұзу мүмкін емес, тіпті 2029 жылға дейінгі Ұлттық даму жоспары жобасында көрсетілген жағымсыз салдарларды барынша азайту қажет», - деп атап өтті.

Басқарма Мүшесі, «Атамекен» ҰКП Басқарма төрағасының орынбасары Г.К. Бижанова ханым мемлекет тарапынан жер қойнауын пайдалану сияқты күрделі процестің әртүрлі тараптарын реттейтін заңнамаға өзгерістер енгізілгені туралы негізгі түйінді ойды жеткізді. Өзгерістерге 2022 жылы қабылданған Конституциялық реформа негіз болды, онда Қазақстан халқы еліміздің жер қойнауы мен табиғи ресурстарына иелік ету құқығына ие болды. Халық атынан бұл құқықты мемлекет жүзеге асырады. Сәйкесінше, құқықтық орта осы қағиданың негізінде қалыптасатын болады. Сонымен қатар, ТМК Даму стратегиясын әзірлеу қажеттілігі туралы да айта кетті: «Бүгін Сала стратегиясының жоқ болуы заңнаманың жиі өзгеруі, жер қойнауын пайдаланушылардың бизнес-стратегияларында ескерілмейтін жаңа нормативтік құжаттардың қабылдануы үшін жағдай туғызады. 2029 жылға дейінгі Қазақстанның Ұлттық даму жоспары жобасы Стратегияның негізі болуы керек. Стратегиялық жоспарлау агенттігі оны талқылауға ұсынды. Біздің Палатамыз оны қайта қарауға белсенді қатысуда».

Маңызды баяндамашылардың арасында ҚР Индустрия және құрылыс министрлігі департаментінің директоры Алмас Кушумов болды, ол қатысушылардың назарын Инвестициялық ахуалды жақсарту жөніндегі министрлік жариялаған ҚР «Жер қойнауы және

жер қойнауын пайдалану туралы» ҚР Кодексіндегі өзгертулерге аударды. Өз сөзінде Кушумов мырза электрондық аукцион мәселелеріне де тоқталды: «Өткен жылдың тамыз және желтоқсан айларында пайдалы қатты қазбаларды барлауға 84 лот бойынша электрондық аукцион өткізілген болатын. Аукционға Rio Tinto, Fortescue, Kratos Resources, Cove Capital, Esan Eczacıbası, «Қазақмыс Корпорейшн», ERG Exploration, «Қазгеология» ҰГБК секілді жетекші компаниялар және басқалар қатысты. Аукционның қол қойылатын бонусы 3,5 млрд теңгені құрады».

Отырыстың соңында East Star Resources бас директоры Алекс Уолкер мырза барлық қатысушыларға алғыс айтып, Президенттің және министрлердің ниеттерінің, сондай-ақ құқықтық базаға өзгертулердің жобасының арасында бұрынғыдай алшақтық болса да, оны әрдайым ескеру қажет болса да, Қазақстан әлі де болса зерттеулер жүргізу үшін тамаша жер болып табылатыны, әрі компаниялар да, үкімет те өзгермелі жүйе жағдайында нақты шешімдер іздеу бойынша бірлескен жұмысты жалғастыруы керек екенін атап өтті. Қазақстандық Тау-кен Палата бұл процесте барлық тараптар үшін ақпарат пен қолдаудың көзі болғысы келер еді.

Конференция 160 астам қатысушыны жинап, тәжірибемен алмасу және тау-кен саласын дамытудың стратегияларын талқылау үшін алаң қалыптастырды. Конференцияға қатысушылар халықаралық инвесторлардың Қазақстанға деген қызығушылығын растап, оның инвестицияларды тарту және тау-кен саласын одан әрі дамыту үшін әлеуетіне сенімділігін білдірді.

---

*БАҚ мәселелері және конференция туралы қосымша ақпарат бойынша:*

**Қазақстандық Тау-кен Палатасының бас директоры Тасқын Кошман ханыммен хабарласыңыздар**

Электрондық пошта: [taskyn@chamberofmines.kz](mailto:taskyn@chamberofmines.kz)

Сайт: [www.chamberofmines.kz](http://www.chamberofmines.kz)

**Қазақстандық Тау-кен Палатасы туралы:**

Қазақстандық тау-кен палатасы 2023 жылдың наурыз айында Қазақстандағы пайдалы қазбаларды барлаушылардың, игерушілердің және өндірушілердің мүдделерін қорғау мақсатында құрылды. Палата пайдалы қазбаларды өндірудің жасапты тәжірибесін ілгерілетуге, қолайлы инвестициялық ахуалды

құруға және Қазақстанның ұзақ мерзімді өркендеуіне жәрдемдесу үшін саладағы ынтымақтастықты дамытуға ұмтылады. Құрылтайшылар қатарына қазақстандық және халықаралық геологиялық барлау және тау-кен компаниялары, соның ішінде акциялары Лондон, Австралия және Канада қор биржаларында жарияланған компаниялардың өкілдері кіреді.